

4 сабақ тапсырмалары.


№1. Жер экваторының радиусы 6378 км. Жер экваторының ұзындығын табындар.

№2. Сағаттың минуттық тілінің ұшы 1 сағатта ұзындығы 31,4 см шеңбер сызады. Сағаттың минуттық тілінің ұзындығы неше сантиметр?

№3. Айдың диаметрі 3476 км. Айдың экваторының ұзындығын табыңыз.

№4. Киіз үй табанының диаметрі 8 м. Киіз үй табанының ауданын табыңыз.

№5. 1 – суретте радиусы 15 мм шеңбер кескінделген. Шеңбер өзара тең үш бөлікке бөлініп, оның бір бөлігі боялған. Шеңбердің боялған доғасының ұзындығын табыңыз.




1 – сурет

№6. Гүл егілген гүлзардың дөңгелек жиегінің ұзындығы 18,84 м. Гүлзардың ауданын табыңыз.

№7. Радиусы 60 см бірінші доңғалақ 40 айналым жасағанда баратын қашықтықта екінші доңғалақ 48 айналым жасайды. Екінші доңғалақтың радиусының ұзындығы неше сантиметр?

№8. Дөңгелек шеңберінің 0,4 – іне тең оның доғасының ұзындығы 37,68 см. Дөңгелектің диаметрі неше сантиметр?


№9. 2 – суреттегі $AB = 10$ см, $CD = 2$ см. Дөңгелектің боялған бөлігінің ауданын табыңыз.



2 – сурет

№10. Жеңіл мәшиненің доңғалағының радиусы 37,5 см. Тасжолда жүріп бара жатқан жеңіл мәшиненің доңғалағы 1 минутта 400 айналым жасайды. Жеңіл мәшине сағатына неше километр жылдамдықпен жүріп барады?


№11. Тепловоздың доңғалағы шеңбердің ұзындығы 5,6 м. Тепловоздың доңғалағы 60 рет айналғанда оған тіркелген вагонның доңғалағы 140 рет айналады. Вагонның доңғалағы шеңбердің ұзындығын табыңыз.



3 - сурет

№12. 3 – суретте кескінделген ішкі дөңгелектің радиусы 16 м, сыртқы дөңгелектің радиусы одан 5 метрге артық. Осы дөңгелектермен шектелген сақинаның ауданын табыңыз.

№13. Шаршының әрбір қабырғасына жарты дөңгелек салынған (4 – сурет). Шаршының қабырғасы 4 см болса, шыққан фигураның ауданы қандай?



4 – сурет

№14. Б.з.д. 240 жылы Эратосфеннің айтуы бойынша, Жер шарының радиусы a км, мұндағы a саны 7 және 10^3 сандарының ең кіші ортақ еселігіне тең. a – ның мәнін табыңыз.

№15. Қазіргі мәліметтерге байланысты Жер шарының радиусы b км, мұндағы b саны 44597 санының $\frac{1}{7}$ –іне тең. b – ның мәнін табыңыз.

maxmath.kz